

## **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы келісімді бекіту туралы**

Казақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 445 Жарлығы.

Казақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 15-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 28 қарашада Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының

Президенті

## **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы**

### **КЕЛІСІМ**

**(2008 жылғы 11 қантарда құшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2008 ж., N 2, 5-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, 2005 жылғы 26 тамыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісіміне қатысушы мемлекеттер - осы Келісімге қатысушылар,

өзара гуманитарлық ынтымақтастықты бұдан әрі дамытуға үмтүла отырып, мұндай ынтымақтастықты дамыту өз елдерінің мұддесіне сай екенін біле отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық бойынша кеңесін (бұдан әрі - Кеңес) құру көзделген 2005 жылғы 26 тамыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісімінің 10-бабының ережелеріне сүйене отырып,

**төмендегілер туралы келісті:**

Кеңес өз қызметін осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуши мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесінің ережесі (қоса беріліп отыр) негізінде жүзеге асырады.

## 2-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

## 3-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 2-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 4-бап

Осы Келісім, оның ережесіне ортақтасатын және осы Келісімнен туындағыны міндеттемелерді өзіне қабылдауға дайын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуши мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін Келісім қосылу туралы құжаттарын депозитарийге өткізу күнінен бастап күшіне енеді.

## 5-бап

Әр Тарап шығу күніне дейін 6 айдан бұрын кешіктірмей депозитарийге сондай ниеті туралы хабарлама жолдап, осы Келісімнен шыға алады.

Минск қаласында 2006 жылғы 28 қарашада бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесі жолданып, түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзіrbайжан Республикасы үшін

Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Грузия үшін

Түркменстан үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Кыргыз Республикасы үшін

Украина үшін

2006 жылғы 28 қарашадағы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

қатысушы мемлекеттердің  
Гуманитарлық ынтымақтастық  
жөніндегі кеңесі туралы келісіміне  
қосымша

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің

Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы

### ЕРЕЖЕ

#### I. Жалпы ережелер

1.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) 2005 жылғы 26 тамыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісімін іске асыру, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттердің мәдениет, білім, ғылым, мұрағат ісі, ақпарат және бұқаралық коммуникациялар, спорт, туризм және жастармен жұмыс саласында көпжақты өзара іс-қимылды үйлестіру үшін құрылады.

1.2. Кеңестің негізгі міндеттері ұлттық мәдениеттерді өзара байыту және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердегі жинақталған ғылыми-білімдік әлеует негізінде мәдениет, білім, ғылым, мұрағат ісі, ақпарат және бұқаралық коммуникациялар, спорт, туризм және жастармен жұмыс саласында ынтымақтастық тетіктерін жетілдіру және дамыту, әр түлғаның, тұратын еліне қарамастан, қабілеті мен дарынын іске асыру үшін үйлесімді жағдайлар қамтамасыз ету болып табылады.

1.3. Кеңес өз қызметінде жалпыға ортақ халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының негізін қалаушы құжаттарды және Достастық шенберінде мәдениет, білім, ғылым, мұрағат ісі, ақпарат және бұқаралық коммуникациялар, спорт, туризм және жастармен жұмыс саласында қабылданған басқа да шарттарды, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекеттер басшылары кеңесінің және Үкіметтер басшылары кеңесінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

#### II. Кеңестің функциялары

Кеңес келесі функцияларды атқарады:

2.1 ТМД-ның гуманитарлық саладағы салалық органдарының, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің шығармашылық және ғылыми зиялды қауым форумдарының, мәдениет, білім, ғылым, мұрағат ісі, ақпарат және бұқаралық коммуникациялар, спорт, туризм және жастармен жұмыс саласында қызмет атқаратын қоғамдық және

коммерциялық ұйымдардың ұсыныстарын есепке алып, Келісімге қатысушы мемлекеттер гуманитарлық ынтымақтастығының тұжырымдамалық және практикалық мәселелерін қарау.

2.2. Гуманитарлық саладағы басым бағыттарды және ынтымақтастық нысандарын анықтау, гуманитарлық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша өзара іс-қимыл жасау және бірлескен іс-әрекеттерді үйлестіру үшін ұсыныстар дайындау.

2.3. Келісімге қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы басым мемлекетаралық іс-шараларының екі жылдық жоспарын әзірлеу.

2.4. Гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы халықаралық-құқықтық құжаттар жобаларын жасау.

2.5. ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық, соның ішінде мәдениет, білім, ғылым, мұрағат ісі, ақпарат және бұқаралық коммуникациялар, спорт, туризм және жастармен жұмыс саласындағы бірлескен халықаралық бағдарламалар, жобалар және іс-шараларды дайындау және іске асыруды қамтамасыз ету.

2.6. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық мемлекетаралық қорымен өзара іс-қимыл жасасу.

2.7. ТМД Мемлекеттер басшылары кеңесі және Үкіметтер басшылары кеңесінің отырыстарына гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу.

### **III. Кеңестің құқықтары**

Кеңес өз функцияларын орындау үшін құқылыш:

3.1. Белгіленген тәртіппен өз құзырындағы мәселелер бойынша Келісімге қатысушы мемлекеттер мен ТМД салалық ынтымақтастық органдарынан ақпарат сұратуға.

3.2. Белгіленген тәртіппен Достастықтың жоғарғы органдарының қарауына гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері бойынша шешімдерінің орындалғаны туралы ақпаратты енгізуге.

3.3. Белгіленген тәртіппен Достастықтың жоғарғы органдарының қарауына Кеңес әзірлеген құжаттар жобаларын, оған қоса мемлекетаралық жобалар мен бағдарламалардың қаржыландыру көлемі және көздері бойынша ұсыныстар енгізуге.

3.4. Кеңес алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажет жағдайда тұрақты және уақытша жұмыс топтарын құруға.

3.5. Құзырындағы басқа да мәселелерді шешуге.

### **IV. Кеңестің құру тәртібі**

4.1. Кеңестің мүшелері Келісімге қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдері (әр мемлекеттен бір адамнан) болып табылады.

4.2. Кеңесте төрағалық ету кезекпен ротация принципі негізінде, бір жылдан аспайтын мерзімде Келісімге қатысуши әр мемлекеттің өкілімен жүзеге асырылады.

## V. Жұмысты ұйымдастыру

5.1. Кеңес отырыстары қажеттілік бойынша, бірақ, жылына екі ретten сирек емес өткізіледі және оған Кеңес мүшелерінің үштен екісі қатысқанда өкілетті деп саналады. Кеңестің кезектен тыс отырыстары Төраға бастамасымен немесе Кеңестің үштен аз емес мүшелерінің бастамасымен шақырылады. Кеңес мүшесі отырысқа қатыспаған жағдайда, оның құқықтары Келісімге қатысуши мемлекет уәкіл еткен басқа тұлғага тапсырылуы мүмкін.

5.2. Отырыстар өткізу орны Кеңес мүшелерінің алдын ала келісімі бойынша анықталады.

5.3. Кеңес отырысына кеңесу дауысына иелік құқығымен гуманитарлық саладағы ТМД салалық ынтымақтастық органдарының және ТМД Атқарушы комитетінің басшылары қатыса алады.

5.4. Әр нақты жағдайда қабылданатын Кеңес шешімі бойынша, оның отырыстарына байқаушылар ретінде гуманитарлық салада қызмет атқаратын халықаралық және ұлттық ұйымдар өкілдері қатыса алады.

5.5. Кеңес өзгені белгілемесе, Кеңес шешімдері отырысқа қатысып отырган оның мүшелерінің жәй көвшілік дауыстарымен қабылданады. Кеңестің кез келген мүшесі қандай да бір мәселе бойынша бейтараптығы туралы мәлімдей алады, бұл шешімді қабылдауға кедергі ретінде қаралмауы керек. Шешіммен келіспеген Кеңес мүшелері айрықша пікірін білдіре алады, ол отырыс хаттамасына енгізіледі.

5.6. Кеңес шешімдері хаттамалармен ресімделіп, оған Кеңес Төрағасы қол қояды.

5.7. Кеңес өз қызметінің ішкі ұйымдастыру мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

5.8. Кеңестің жұмыс аппараты функциясын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесі атқарады.

## VI. Қаржыландыру

Кеңес отырыстарын өткізу бойынша шығыстарды аумағында Кеңес отырысы өткізілетін Келісімге қатысуши мемлекет көтереді. Кеңес мүшелерінің іссапары бойынша шығыстарды оларды жіберуші мемлекет көтереді.

Осымен, қоса берілген мәтіннің 2006 жылғы 28 қарашада Минск қаласында болып өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекет басшылары кеңесінің мәжілісінде қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуши мемлекеттердің

Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы келісімнің түпнұсқа көшірмесі екендігін растаймын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сакталады.

ТМД Атқарушы комитеті Төрағасы -

Атқарушы хатшысының

Бірінші орынбасары

Осымен, бұл мәтіннің Минск қаласында 2006 жылғы 28 қарашада қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы келісімнің орыс тілінен аудармасы екендігін растаймын.

Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК